

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 9 тамыздағы N 888 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 24 желтоқсан N 1462. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.08.07. N 983 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығын беру жөніндегі комитеттің төрағасы, мүшесі және хатшысы міндеттерінен қызмет орындарының өзгеруіне байланысты Т.Жүкеев, Б.Рүстембаев, Г.Бельгер, Т.Тілегенов босатылсын.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығын беру жөніндегі комитет мүшелері болып А.Есімов - төрағасы, Е.Никитинский, Н.Асқаров - комиссия мүшелері, Ф.Фатина - комиссия хатшысы болып бекітілсін.

3. Өнер, спорт, ғылым, драматургия, орындаушылық шеберлік, музыка, театр-кино саласында жеті "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығы тағайындалсын

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі